



The Holy See

**MESSAGE OF HIS HOLINESS POPE FRANCIS
TO PARTICIPANTS IN THE "NATIONAL DAY" OF THE HOLY SEE
AT EXPO 2017 IN ASTANA**

Жоғары мәртебелі
Менің епископ бауырларым,
құрметті мемлекеттік қызмет өкілдері,
қымбатты аға-әпкелерім,

Мен, Астанада ЭКСПО-2017 көрмесі шеңберінде өтіп жатқан Қасиетті Тақтың Ұлттық күніне қатысушы барлық адамдарға, сонымен қатар осы шараның сәтті өтуіне ат салысқан барша адамдарға және көрермендерге алғысымды білдіремін.

Мен «*Болашақ энергиясы*» тақырыбына арналған халықаралық көрменің Қазақстанда өтіп жатқанына қуаныштымын. Біздің ортақ мұрамыз болып табылатын энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану үшін, адамзат алдағы жылдары инновациялық технологияларды қалай қолдану керектігіне үлкен жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Біздің бұл ресурстарды қолдануымыз әлемнің денсаулығы үшін, біздің қоғамдарымыздың игілігі үшін маңызды болып табылатынын барлығымыз түсінеміз, бұл игіліктер экономикалық өркендеудің немесе тұтынудың үлкен әлеуеті ретінде ғана емес, сонымен қатар бәрін сыйдыратын түсініктер ретінде қарастырылуы тиіс. Біз қазіргі таңда энергияның қолданылуын өз өмірімізді жақсарту мақсатында және де адамзат жанұямыздың өркендеуі үшін әрекет жасауымыз қажет, себебі біз табиғатымыз бойынша жемісті қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа және махаббатқа биіміз.

Сондықтан энергетикалық ресурстар жосықсыз қаржы операцияларының объектісі немесе қақтығыс көзі болмауы тиіс. Бұл барлық деңгейлерде және біздің қоғамдарымыздың түрлі секторлары арасында кең және ашық диалогты талап етеді. «Болашақ энергиясы» зерттеушілер, техникалық мамандар мен инвесторларға ғана қатысты емес; бұл әлемдік мәдениеттер, саясат, білім және діндер үшін ортақ сын.

Мен Қазақстанда, этникалық, мәдени және рухани дәстүрлерге бай елде, діндер арасындағы диалог пен ынтымақтастықтың өсуі орын алғанын қуанышпен атап өткім келеді. Мен барлық діндер осы диалогқа қатысады деп үміттенемін, себебі олардың жазбалары «барлық дәуірлерге мәнді, жаңа көкжиектерді ашуға ынта беретін күші бар идеяларға толы... Біздің санамыз қабылдай алатын этикалық принциптер, үнемі әр түрлі кескінде пайда болуы мүмкін, әр түрлі тілдерде, оның ішінде діни тілде де өз көрінісін табуы мүмкін» («*Laudato si'*», 199). Біздің діни дәстүрлерімізде, қарым-қатынастарымызды жақсартуға және барлығымыз бірге аға мен апа ретінде өмір сүруге септігін тигізетін батыл бейімділік, шабыт пен критерийлерді ашу барлығымыз үшін маңызды.

Біздің энергетикалық ресурстарды қалай пайдалануымыз, көптеген діни дәстүрлерге сәйкес, Жаратушы иеміздің бізге жүктеген тапсырмасын қаншалықты жақсы орындағанымыздың белгісі болып табылады, атап айтқанда, бізді қоршаған ортаны және барлық замандар мен бүкіл әлемдегі жақындарымызды қамқорлау. Егер біздің ұрпағымыз және энергияны қолдануымыз тұрақты әрі ынтымақтастыққа негізделген болса, онда біз өз жұмысымызды жақсы орындап жатырмыз. Ал егер басқаша болса, онда орындай алмадық деген сөз. Таразы басында біздің абыройымыз және де әділеттілік пен бейбітшілік. Осыны санаға жеткізу мақсатында Қасиетті Тақ өзінің павильонын Астана Экспо көрмесінде: «*Ортақ игілікке бағытталған қуат: ортақ үйіміздің қамын ойлауда*» тақырыбына арнады.

Құдіретті Жаратқан Құдайымыз көмегі арқылы Экспо-2017 көрмесі адамзатқа уақытылы сабақ, берік шабыт берсін, және біздің ортақ күш-жігерімізді іске асыруға үшін Тәңіріміз оларға бата берсін.

Ватикан, 2017 жылғы 2 қыркүйегі